



Бекітемін
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының м. а.
_____ Е. Аринов
19 қазан 2022 жыл

**Қаржылық сауаттылық апталығы аясындағы студенттер мен оқушылар
арасындағы «Студенттік хоббиден бастап табысты бизнеске дейін»
V облыстық дайын бұйымдар жәрмеңкесін
өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Студенттік хоббиден табысты бизнеске дейін» V облыстық дайын өнімдер жәрмеңкесін (бұдан әрі - Жәрмеңке) өткізу тәртібі мен мерзімін, қатысушылар санатын және жәрмеңкеге қабылданатын өнімдерге қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Жәрмеңкені ұйымдастырушылар: «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ҚМКҚ, «Ж. К. Буkenov атындағы Қарағанды Банк колледжі» ЖММ.

1.3 Жәрмеңке дәстүрлі форматта өткізіледі.

2. Жәрмеңкенің мақсаты мен міндеттері

2.1 Дайын өнімдер жәрмеңкесі қазіргі заманғы экономикалық ойлау мен экономикалық мәдениетті, кәсіпкерлік бастаманы қалыптастыру және кәсіпкерлік қызметке қызығушылықты ынталандыру мақсатында өткізіледі.

2.2 Жәрмеңке өткізудің міндеттері:

- білім алушылардың жеке және отбасылық шығармашылығын, шығармашылық әлеуетін, әуестігі мен хоббиін іске асыру;
- білім алушылардың өз мүмкіндіктері мен табыстарына сенімін нығайту;
- білім алушылардың кәсіпкерліктегі құзыреттілік деңгейін арттыру;
- кәсіпкерлік пен бизнес-идеяларды генерациялау дағдыларын дамыту;
- жастардың назарын кәсіпкерлік қызметке аудару;
- бизнес-идеяларды әзірлеу және іске асыру бойынша білім алушылардың қызметін қолдау және көтермелеу.

3. Жәрмеңкеге қатысушылар

3.1 Жәрмеңкеге қатысуға Қарағанды облысының ТЖКОБ ұйымдарының студенттері және жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары шақырылады. Оқу орнынан қатысушылар саны шектеулі, 3 адамнан артық емес.

3.2 Жәрмеңке өткізу шеңберіндегі тауар ретінде hand made қағидаты бойынша өз қолымен орындалған, кез келген техника мен нысанда (картиналар, ойыншықтар, ашық хаттар, кәдесыйлар және т.б.) орындалған жәрмеңкеге қатысушылардың бұйымдары (жұмыстары) қарастырылады. Жәрмеңкеге қатысушылардың өнімдері сапалы, тауарлық және тұтынушылық құндылыққа ие болуы керек. Өнімдердің саны шектелмейді.

3.3 Жәрмеңкеге қатысушылар өнімнің минималды құнын көрсетуі керек.

3.4 Жәрмеңке аясында қатысушылар арасында «Сату көшбасшысы», «Жыл

А.А.

дизайнері», «Үздік сауда орны», «Ең кең ассортимент», «Үздік баға саясаты» номинациялары бойынша сайыс өткізіледі.

** Мектеп ортасында кәсіпкерлік дағдылар мен іскерлікті дамытуды қолдай отырып, осы ереженің талаптарын сақтаған жағдайда қала мен облыстың жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары да жәрмеңкеге қатыса алады.

4. Жәрмеңке өткізудің тәртібі мен мерзімдері

4.1 Жәрмеңкеге қатысу үшін өтінімді (Қосымша1) 2022 жылдың 16 қарашасына дейін kbk_ptim@mail.ru электрондық мекен-жайына «Жәрмеңке» атауымен жіберу қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш берілген өтінімдер қаралмайды.

4.2 Жәрмеңке өткізу тәртібі:

- дайындық кезеңі – дайын бұйымдарды (жұмыстарды) әкелу және оларды ресімдеу және сатуға дайындау- сағат 08.00- 10.00

- жәрмеңкенің салтанатты ашылуы -сағат 10.00-10.30

- дайын өнімдерді жәрмеңкелік сату-10.30 -12.30

- жәрмеңке қорытындысын шығару, марапаттау - сағат 12.30-13.00


Өтетін күні: 18 қараша 2022 ж.

Өтетін орны: Қарағанды қ., Мұқанов к-сі, 3, «Ж. К. Букенов атындағы Қарағанды Банк Колледжі» ЖММ.

5. Жәрмеңкені қорытындылау және марапаттау

5.1 Номинациялар бойынша жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына қатысушы сертификаты табысталады.

Жәрмеңкенің барлық сұрақтары бойынша Ж. К. Букенов атындағы Қарағанды банк колледжінің Бизнес-мектебінің басшысы Кейкова Мадениет Насипхановнаға – 8-708-154-23-46 хабарласуға болады

Келісілді
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары
 Т.Нартова

ҚО ББД ОӘО әдіскері



О. Кирпан

Өтінім үлгісі

Оқу орнының атауы:	
Қатысушының (лардың) Т.А.Ә. (толық, бар болса әкесінің аты)	
Қатысушының байланыс нөмірлері:	
Жұмыс жетекшісі (Т.А.Ә.) (толық, бар болса, әкесінің аты) байланыс нөмірлері:	
Дайын өнімнің атауы және оның саны	

Ескерту:

- * Бір оқу орнынан өтінім әр қатысушыдан жеке өтінімдер жинақталатын бір файлмен бір рет ресімделеді
- * саны мен атауы бойынша үстел немесе жарты үстел, ілгіш бөлінеді.
- * Жетекшілердің байланыс деректері бойынша Whatsapp чаты құрылады